ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 03 желтоқсан № 1112-24-00-2/3919 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Г.М.Кубенов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ

ЖАУАПКЕР:
«Айлин» (Карибаев Ганибек Абдибекович) ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 267-2,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақмола облысы жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының «Шортанды ауданы, Жолымбет кентінің арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ жауапкер «Айлин» (Карибаев Ганибек Абдибекович) ЖК-не сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыз айыбын өндіріп алу туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Айлин» (Карибаев Ганибек Абдибекович) ЖК мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Айлин» (Карибаев Ганибек Абдибекович) ЖК-нен 4 340 (төрт мың үш жүз қырық) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 976 (бір мың тоғыз жүз жетпіс алты) теңге мемлекеттік баж алымын мемлекеттің пайдасына өндірілсін.

Документ подписан: Кубенов Г. М., 03.12.2024
Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, судья Аймухамедов А. А., 13.01.2025
1112-24-3-1/3934

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Г. Кубенов**

Документ подписан: Кубенов Г. М., 03.12.2024

Дата вступления в законную силу: 13.01.2025, Судья Аймухамедов А. А., 13.01.2025

1112-24-3-1/3934